Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

*Педагогикалық мамандыққа кіріспе*

**III Бөлім. Педагогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары**

**Тақырыбы: Мұғалімнің жобалау-зерттеу іс-әрекеті – болашақ ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамыту құралы**



# Жоспар

1.”Жобалау” ұғымы
2. Педагогикалық жобалаудың мәні
3. Педагогикалық жобалаудың кезеңдері мен формалары



Америка философы-прагматик, психолог және педагог Джон Дьюи (1859 - 1952) «жобалау әдісінің» негізін қалаушы. Бірақ, ол өзінің еңбектерінде «жоба» сөзін қолданбаған. Ол өз тұжырымдарын мектептің өмірмен жеке тәжірибесімен байланысты талдап, нәтижесін берген, ал бұл жобалу әдісінің негізі.

**1910-жж. АҚШ профессоры Коллингс, оқу жобасының төрт тобын анықтаған:**

**1. «Ойын жобасы"** – кіші жастағы балаларға арналған жоба, онда топ болып әрекет ету жүзеге асырылады: әртүрлі ойындар, халық биі, драммалық қойылымдар, басқа көңіл көтерушге арналған шаралар.



**2. "ЭКСКУРССИЯЛЫҚ ЖОБА»:** мәселені қоршаған орта және қоғамдық өмірмен байланысты қарастырып, оны мақсатты түрде оқып білу.

**3. «НАҚТЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖОБА»:**

балалар мұнда өзінің өнімінен ләззат алады, оған *ауызша, жазбаша, ән айту, көркем өнер, музыка* (домбыра, қобыз, фортепианода және т.б. ойнау) және т.б. жатады.

**4. «ҚҰРАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖОБА»,** нақты, қажетті өнім шығаруға бағытталады: жаңа сусын, оқуға қажетті зат, т.б.

Жоба **мазмұнына, құрылымына, мерзіміне**, деңгейіне байланысты жіктеледі. Мысалы: ***мерзіміне*** байланысты қысқа, ұзақ, айлық, жылдық т.б. болып жіктеледі. ***Деңгейіне*** байланысты, университет аралық, облыстық, республикалық, халықаралық болып бөліне алады.

# Жобалау әдісі

Білім беру ресурсы ол оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сын тұрғыдан ойлауын дамыту.



**Жобалау әдісі болжайды**

біріншіден – қандай да бір мәселені шешуді

екіншіден – нәтижеге қол жеткізуді

# Оқу жобасына қажетті талаптар:

- жоба нақты қажетті, әлеуметтік ***маңызды мәселеге*** арналады;
- жобаны ***жоспарлау*** мәселені шешуге бағытталады;
- қандай ***өнім*** алатындығы белгіленеді (нәтиже, мерзімі және оған жауаптылар көрсетіледі);
- білім алушылардың ***зерттеушілік қызметі*** міндетті шарт. Яғни, ақпарат іздеу, талдау оны білім алушыларға тарату;
- ***нәтижесі***, өнім болып шығуы тиіс: мақала, модель т.б.
- жобаны ұсынған адамға нәтижені көрсету, ***жобаны қорғау, презентациялау***

# Мазмұнына байланысты жоба жіктемесі

- **Тәжірибеге-бағытталған жоба** жобаға қатысушылардың мүддесін қорғайтын әлеуметтік мәселелерді шешуге мақсатталады.
- **Зерттеушілік жоба** құрылымы бойынша ғылыми жобаға ұқсайды. Өзектілігі, мақсат, міндеті, болжам, нәтиже сипатталады. Мәселені шешуде: лабораториялық эксперимент, модельдеу, әлеуметтік сауал т.б. әдістер қолданылады
- **Ақпараттық жоба** мәселені шешуге бағытталған әртүрлі құбылыстар туралы ақпарат жинау, оны жалпылау, талдау. НӘТИЖЕСІ БАҚ және Internet желісінде жарияланады.
- **Шығармашылық жоба** өнімді презентациялауда түрлі дәстүрлі емес тәсілдерді кеңінен қолданады. Бұл, альманах, сахналау, спорттық ойын, видеофильм т.б. түрде болуы мүмкін
- **Рөлдік жоба**. Мұны құрастыру да, жүзеге асыру да қиын. Жобаға қатысушылар белгілі бір кейіпкерлердің бейнесін сомдайды. Қиындығы мәселе шешімін таба алама әлде сұрақ күйінде қалама?

# Педагогикалық жобалаудың негізгі ұстанымдары:

- адамға бағытталуы (негізгі роль адам);
- өзін-өзі дамыту принципі;
- дидактикалық шығармашылық;
- технологиялық шығармашылық;
- ұйымдастыру шеберлігі.

Жобалау әдістемесі жаңа педагогикалық жеке тұлғаға бағытталған технология ретінде гуманистік бағыттың негізгі принциптерін айқындайды

Нақтылық, оқушыларды қиын қыстау ойлау қабілетіне бағыттау

Оқушының жеке тұлғасына ерекше көңіл бөлінуі

# Педагогикалық жобалаудың түрлері мен кезеңдері

- Педагогикалық жобалау дегеніміз, оқытушылар мен оқушылардың атқаратын **іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын ала құрастыру**. Педагогикалық жобалау, педагогтың басқа да негізгі қызметінің бірі. Педагогикалық жобалау барысында студенттермен ***қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады.***
- Педагогикалық жобалау ***болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан*** тұрады.

# Жобаның объектісі: педагогикалық үдеріс

- Педагогикалық процесс барысында педагогикалық жағдаят шешімін табуға тиіс. Педагогикалық жағдаят – белгілі бір уақытта, кеңістікте болған уақиғаның сипаты, педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі болып табылады.
- Педагогикалық жүйені, үрдісті, жағдаятты  жобалау- көпсатылы, қиын іс-әрекет.
- Педагогикалық жобалау: 3 кезеңнен тұрады:
- 1 кезең – үлгілендіру;
- 2 кезең – жоба құрастырушылық;
- 3 кезең құрастыру технологиясы;


I кезең - модельдеу
II кезең – жобалау
III кезең - құрастыру
Педагогикалық жобалаудың кезеңдері мен формалары

Педагогикалық модельдеу
(модельді құру) – мақсат қою, педагогикалық жүйелерді, процесстерді, жағдаяттарды, оған жетудің негізгі жолдарын құрастыру

Педагогикалық жобалау

(жобаны құру) құрылған модельді ары қарай жүзеге асыру және практикалық қолдану деігейіне жеткізу

Педагогикалық құрастыру - құрылған жобаны ары қарай жетілдіру, нақты жағдайда тәрбиелік қатынастың шынайы қатысушыларымен қолдануға жақындығымен сиаптталады.

Педагогикалық жобалаудың формалары – педагогикалық жүйелерді, процестерді, жағдаяттардың әрекеті сипатталатын құжаттар болып табылады.

# Тақырып бойынша сұрақтар

1. Жобалау әдісі дегеніміз не?
2. Жобалау әдісі нені жобалайды
3. Жобалау әдістемесі жаңа педагогикалық жеке тұлғаға бағытталған технология ретінде негізгі неше принципті айқындайды?
4. Педагогикалық жобалаудың неше кезеңі бар
5. Педагогикалық жобалаудың неше формуласы бар



# Тапсырма 1

Мұғалімнің жобалау-зерттеу іс-әрекетін – жобалауға қойылатын талаптарды анықтаңыз



# Тапсырма 2

Болашақ ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бойынша жазылған мерзімді баспа беттеріндегі мақалаларға аннотация жасаңыз



# Тапсырма 3

Мұғалімнің жобалау-зерттеу іс-әрекеті бойынша дайындалған ғылыми зерттеулерді және еңбектерді талдап конспектілеңіз.



# Тапсырма 4

«Жаңа тенденциядағы мұғалім тұлғасы» атты ғылыми жоба жасаңыз.



# Ғылыми жоба дайындау барысында жобаға қойылатын талаптар

- бет парақ;
- мазмұны;
- кіріспе;
- теориялық бөлімі;
- зерттеу бөлімі;
- қорытынды;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі болу керек.

# РЕФЛЕКСИЯ

Нені білемін?

Нені білдім?

Нені білгім келеді?













# Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер:


- Философский энциклопедический словарь. – М., 1983. – 1756 с.
- Большой энциклопедический словарь // Под ред. Прохорова А.М. М.: «Советская энциклопедия», 1982.-1600 с.
- Шадриков В.Д. Философия образования и образовательные политики. М., 1993. – 129 с.
- Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. - Изд-во Ленинградского университета. 1970. – 313 с.
- Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М., 1991. – 135 с.
- Осик Ю.И., Надыров А.И., Осик Л.Г., Сетевые структуры и проблемы высшей школы // Труды международной научной конференции «Наука и образование» - ведущий фактор стратегии «Казахстан-2030», посвященные 10-летию независимого Казахстана, Караганда, 2001, Выпуск 1.
- Қазақстан Республикасының Контитуциясы. Қазақстан Республикасының Парламент Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217 б.
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 15 тамыз
- Материалы Программы по образованию Фонда Сорос-Казахстан и Министерства образования Республики Казахстан. Источник - http://www.alledu.ru/news/1/3036.
- Балыкбаев Т. О. Школьное образование Казахстана: горизонты развития [Электронный ресурс]: научное издание. - Электрон. текстовые дан.(51.5Кб).
- Кудайкулов М.А., Кудайкулов СМ. Проблемы формирования квалификационных умений учителей - предметников.- Алматы, 2006. -180с.
- Омаров С.Қ. Педагогика. Оқытудың несиелік жүйесіндегі сабақтар: учебное пособие/ С.Қ. Омаров, А.А. Мұқатаев, Ж. Е. Сарсекеева. - Қарағанды, 2007.
- Каргин С.Т., Сарсекеева Ж.Е.,Ишанов П.З., Амирбекова М.Р. Общечеловеческие ценности педагогики. Учебное пособие. – Караганды: Типография «АКНУР», - 2014. – 128с.


